

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№27			
Күндері		07.03 - 11.03.2022			
Өтпелі тақырыптың атауы		Салт-дәстүрлер және фольклор / Казахские народные традиции и обряды / Kazakh folk traditions and rituals			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Байсакалова Ш.Ж.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?"				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау.		"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.		Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) Мақсаты. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді. Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін, Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың.	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу. Педагог балаларға шелпектердің жасанды пішіндерін табақшаға салып қойып, көрсетуі мүмкін. - Балалар, қараңдаршы. - Біреу табақшаға бізге сыйлар әкеліп қойған сияқты. Бұл не? - Иә, шелпектер. - Шелпекті жеу алдында біз не істейміз? - Дұрыс, қолды жуамыз. - Балалар, ал Әли қолын әлі де жумапты. - Әлиге тақпақты айтып берейікші. Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. Тақпақты қимылдармен сүйемелдеуге болады.	"Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау. Бауырсақтың "Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады. - Мен Бауырсақпын, Бауырсақ, Қып-қызыл болып піскен. Қоймадан сыпырылған, Бұрыштардан жиналған, Қаймаққа аунатылған, Ыстықтан суытылған. (Әуеннің сөзсіз орындалуы) — Ол атадан қашып кеткен, Ол әжеден қашып кеткен, Ол қояннан қашып кеткен, Ол қасқырдан қашып кеткен. — Ал, сенен, маймақ аю, Қашып кету қиын емес.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Құтты болсын Наурыз! Қуанамыз бәріміз! Наурыз көктеммен келді, Бәрежелді!				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Бауырсақтар". Мақсаты. Балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; дөңгелек пішіннің дұрыс болуын қадағалауға жаттықтыру; қағаз бетін суретке толық толтыру қабілетін қалыптастыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру. <i>"Дастарқан жайып, қонақ шақырайық".</i> Дене шынықтыру. "Арқан тарту". Мақсаты. Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту. <i>"Арқан тарту" қимыл ойыны.</i>		Сенсорика. "Әдемі кілем". Мақсаты. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша түсінік беру. <i>"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Қазақтың ұлттық ойыны". Мақсаты. Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүру тәсілдерін жетілдіру; жіңішке арқанның бойымен аяқты қайшылап жүру іскерліктерін дамыту; "Наурыз" мерекесі жайлы білімдерін толықтыру. <i>"Түзу арқан" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Шәйнек". Мақсаты. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына көңіл аударуға баулу. <i>"Шәйнекті безендірейік" шығармашылық рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Түзу арқан". Мақсаты. Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүргізу; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін қорытындылау; оқу қызметін пысықтау. <i>"Досымызбен жарасайық" қимыл ойыны.</i>	Жапсыру. "Алаша". Мақсаты. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. <i>"Ала жолақша" қимылды жаттығуы.</i>

Серуен	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуда үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар. - Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіндерші? - Жарайсыңдар! - Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құлыншақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретін және қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қараңдаршы. Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсыңдар. - Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". - Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов "Шеңберге дәлде ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанға (асықты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсаты. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін қоқымнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, тереңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Шашылған асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.
--------	--	---	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Ойын-имитация. "Құлыншақтар". Мақсаты. Балаларды әуеннің ырғағына, педагог көрсеткен қимылдардың (кейіпкердің) ырғағына сай еліктей білуге ынталандыру; түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу. Құлыншақтар шапшаң екен, Шабуылмен шапқан екен. "Тігідік-тігідік" шабады, Тентек желден озады. Құлақтары тікірейген, Жалдары желкілдеген. "Тігідік-тігідік" шабады, Тентек желден озады. Д. Ахметова		Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар: "Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық". Мақсаты. Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту. <i>"Дананы тамақтандырайық" сөздік жаттығуы.</i> Музыкадан ойын-жаттығулар: "Наурыз – жыл басы". Мақсаты. Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. <i>"Қазақтың ұлттық киімі" дидактикалық ойыны.</i> Ойын-имитация. "Лақтар". Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, лақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; өлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу. Балаларға лақтардың маскаларын кигізу. <i>"Лағым".</i> Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның. Ақ лағым, ақ лақ, Мазалама маңырап. Бөпеме де сүт керек, Кете көрме жамырап! С. Желдірбаева	Дастарханды жаю ойын-имитациясы. Мақсаты. Балаларды дастарқан басындағы әдептілік ережелерімен таныстыру; сәлем беру (амандасу, тағзым ету) қимылдарын жасауға ынталандыру; ойыншықтарды қатыстырып, жасалған жаттығулардан жағымды әсер алуға баулу. Құралдар: ойыншық үстел, орындықтар, ойыншықтар (қуыршақтар мен кейіпкерлер), ыдыс ойыншықтар. Шарты: қонаққа, дастархан алдында белгілі қимылдарды жасап, ойыншықтарды орындықтарға отырғызып, "тамақтандыру", "рақмет айту" әдептілік ережелерін орындау. - Балалар, қонақтарды шақырайық. - Қонақтарым, келіңдер, Бізге сәлем беріңдер. Сәлем беріп, жоғары Дастарханға өтіңдер. Балалар шеңбер құрып, ырғақты әуенге сай билейді	"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, өннің сөздерін қайталауға қызықтыру.
--	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апаруға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Күн".		"Жармадан "қамыр илейік" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тазалыққа тәрбиелеу. Педагог шұңғыл ыдысқа жарманы төгіп, балаға қолдарымен араластыруға мүмкіндік береді.	"Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу. - Айналайын анашым, Әлпештеген мамашым, Еміп өскен бөбекпіз, Маматайдың мамасын. Ай қабақты анашым, Күн сәулесі мамашым, Ақ сүтіңмен суардың Бөбегіңнің санасын. М. Хәкімжанова	Ойын-имитация. "Домбыра" Домбыра – ғажап аспап, Ойнап кетсе – Қане! Шап! Күмбір-күмбір, күмбірлейді. Іліп қойсаң – үндемейді. Д. Ахметова
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?"				

Тексерген :Бекишева.М.А.